

Кенжеғали Сағадиев» – ел назарында

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Өнегелі өмір» сериясымен мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі ғалым, экономика ғылымдарының докторы, профессор, академик К.Сағадиевтің 75 жылдығына орай мақалалар мен сұхбаттар, ғылыми айналымға алғаш енгізілген мұрағат құжаттары, фотосуреттер, сондай-ақ замандастарының, достарының лебіздері топтастырылған «Кенжеғали Сағадиев» атты кітап тұсаукесері өтті.

– Білім қарашаңырағы ҚазҰУ-да еліміздің білім-ғылым саласын дамытуға зор үлес қосқан халқымыздың біртуар азаматы – Кенжеғали Әбенұлының өмір жолы, ғылыми мұрасы өскелең ұрпаққа өнеге болар деген ниетпен осы кітапты университетімізден ұсынып, жастармен кездестіріп отырмыз. Жастарға тәрбие беру жолында осы «Өнегелі өмір» жобасын қолға алдық, – деді ҚазҰУ ректоры Ғ.Мұтанұлы. ҚазҰУ-дың үздік студенттері «К. Сағадиев» атындағы шәкіртақы иегерлері ізгі тілектерін, бұл кітапта білімді тек өз пайдаға емес, ел дамуына жұмсау керектігі айтылғандығын, экономика саласын зерттеуші жас ғалымдарға да берері мол басылым екенін айта кетті. Тұсаукесерге арнайы К.Сағадиевтің шығармашылығынан кітап көрмесі ұйымдастырылып, университеттің оқытушы-профессорлық құрамы мен студент, магистранттар қатысты.

Ершай ӘЗІПЕТ